




2015ж. қаңтар-желтоқсан

ҚР Ұлттық Банкі

Қазақстан экономикасына қысқаша шолу**Негізгі түйіндер****2015 ж. желтоқсанда экономиканың өсу қарқындарының төмендеуі жалғасты**

2015ж. қаңтар-желтоқсанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор алдыңғы жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 100,4%-ға дейін баяулады. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіру саласы және көлікте өндіріс көлемдерінің қысқаруы байқалды.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар**1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер**

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-желтоқсан	2015ж. Желтоқсан	% -бен		2015ж. желтоқсан 2015ж. қарашасына
					2014ж. қаңтар-желтоқсанына	2014ж. желтоқсанына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін есеп деректері)	млрд. теңге	27 819,3*		101,2*		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	14 634,5	1 535,6	98,4	97,5	99,6
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	2 748,7	168,4	104,4	127,4	61,9
4	Құрылыс	млрд. теңге	2 856,0	379,4	104,3	105,3	124,7
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	3 728,6	360,1	99,6	97,5	104,9
6	Байланыс	млрд. теңге	684,3	59,0	100,6	93,8	102,8
7	Сауда	млрд. теңге	6 369,6	789,2	99,6	92,3	127,8
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	7 024,7	990,6	103,7	102,1	138,5
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	106,6	113,6	101,2
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

* - Деректер 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек үшін көрсетілген

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қараша	2015ж. қараша	% -бен		2015ж. қараша 2015ж. қазанына
					2014ж. қаңтар-қарашасына	2014ж. қарашасына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	70 615,2	5 742,4	63,2	64,7	96,0
1.1.	- экспорт	млн. долл.	42 758,0	3 470,4	57,6	63,5	97,7
1.2.	- импорт	млн. долл.	27 857,2	2 272,0	74,3	66,6	93,6
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	721,9	67,5	107,6	107,2	100,6
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	123,6	124,1	105,2	104,2	101,4
4	Нақты жалақы индексі (бағалау)	%	-	-	-	92,4	97,8

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

* - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 ж. қаңтар-желтоқсанында өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс және байланыстағы өсудің жалғасуы есебінен экономиканың өсу қарқындары өзгерген жоқ.

Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-желтоқсан %-бен 2014ж. қаңтар-желтоқсанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қараша %-бен 2014ж. қаңтар-қарашасына
1. ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін есеп деректері)	101,2*	өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, байланыста өсудің жалғасуы*	
2. Өңдеу саласы	100,2	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,3
3. Ауылшаруашылығы	104,4	мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың ұлғаюы	103,0
4. Құрылыс	104,3	құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	104,1
5. Байланыс	100,6	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтері көлемдерінің ұлғаюы	101,2
6. Негізгі капиталға инвестициялар	103,7	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталды қаржыландырудың ұлғаюы	103,9

* - Деректер 2015 жылдың қаңтар-қыркүйек үшін көрсетілген

2015 ж. қаңтар-желтоқсанында өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың төмендеуі сыртқы сауда айналымының қысқаруына себепші болды.

Теріс өзгерістер

Непп	2015ж. қаңтар-желтоқсан %-бен 2014ж. қаңтар-желтоқсанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қараша %-бен 2014ж. қаңтар-қарашасына
7. Өнеркәсіп	98,4	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	98,5
7.1 Тау-кен өндіру саласы	97,5	шикі мұнай мен металл рудаларын өндірудің төмендеуі	97,6
8. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	99,6	саудамен айналысатын кәсіпорындармен тауарларды бөлшек саудада өткізудің төмендеуі	100,3
9. Көлік (жүк айналымы)	92,5	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	92,6
10. Инфляция	106,6	тауарлар мен қызметтері топтарының барлығына баға деңгейінің өсуі	106,0
11. Сыртқы сауда айналымы*	63,1	экспорт пен импорттың төмендеуі	63,6
11.1 Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	57,6	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	57,5
11.2 Сыртқы сауда айналымы: импорт*	74,3	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	76,2

*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2015ж. қаңтар-желтоқсаны 2014ж. қаңтар-желтоқсанына %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2015ж. қаңтар-қарашасы 2014ж. қаңтар-қарашасына %-дық есеппен келтірілген.




Жалпы ішкі өнім

1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін ІЖӨ 1,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің есеп деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-қыркүйегінде 2014 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 1,2%-ға ұлғайып, 27,82 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,5%-ға, ал қызмет көрсету 2,4%-ға өсті. 2014 жылғы осы кезеңімен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 3,4%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 56,5%-ға дейін өсті. 2015ж. 3 тоқсаны бойынша өндіріс әдісімен ІЖӨ дефляторы 98,9-ға тең (2014ж. - 105,6): тауар өндірісі - 97,6, қызмет көрсету өндірісі - 107,0 (2014 ж. қорытындылары бойынша - тиісінше 106,8 және 107,5).



2015 ж. 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторы ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін енгізді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы теріс әсерін тигізді.

1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ


2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,0%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. қаңтар-қыркүйегі үшін ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,0%-ға ұлғайып, 25,16 трлн. теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 2,8%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 ж. тиісті кезеңіне шаққанда 5,0%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (2,5%-ға), үй шаруашылықтарының (2,8%-ға), ҮШҚҚҰ* (3,0%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюуы (1,3%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі 12,4%-ға төмендеді. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,2%-ға, импорты 6,7%-ға төмендеді. 2015ж. 3 тоқсаны бойынша түпкілікті пайдалану әдісімен ІЖӨ дефляторы 98,9-ға тең (2014ж. - 105,6): түпкілікті тұтыну шығыстары - 108,2, жалпы жинақтау - 104,1, экспорт - 72,3, импорт - 96,6 (2014 ж. қорытындылары бойынша - тиісінше 109,1, 106,7, 116,2 және 109,6).


*- ҮШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар



1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015 ж. 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 9 айдың қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 3-тоқсанында ЖІӨ-нің 7,2%-ға төмендеуі байқалды. Өзбекстанда 2015 ж. 9 айының қорытындылары бойынша ІЖӨ-нің өсуіне ең үлкен үлесін жеңіл және тамақ өнеркәсібі, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіру қамтамасыз етті. Қырғызстанда экономикалық өсуді экономиканың барлық салалары қамтамасыз етті. 2015 ж. 9 айы үшін ауыл шаруашылығы Тәжікстан ІЖӨ-нің құрамында үлкен үлесін алып отыр-21,4%.




1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 39,5%-ға төмендеп, 2015ж. желтоқсанында баррельге 37,7\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндірістің көлемдері 2015 ж. қаңтар-желтоқсанында 2014 жылдың сәйкес көрсеткіштерімен салыстырғанда нақты көрсеткіште 2,5%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 33,9%-ға төмендеді.

Мұнай бағасы және өндіріс көлемдері

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. желтоқсанында оның үлесі сәйкесінше 36,9%-ға тең болды. 2015ж. қаңтар-желтоқсанында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қаңтар-желтоқсанына қарағанда 1,7%-ға төмендеді. 2015ж. желтоқсанында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. желтоқсанына қарағанда 2,6%-ға төмендеді. 2015ж. желтоқсанында тау-кен өндіру саласының НКІ-і 2014 ж. желтоқсанымен салыстырғанда 3,5%-ға төмендеді, ал 2015ж. қарашасымен салыстырғанда 4,2%-ға өсті**.



*- <http://econ.worldbank.org>

**- <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-қарашасындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері

Сыртқы сұраныс

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015ж. қаңтар-қарашасында ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 52,2%-ға тең болды), Қытайға (11,7%) және Ресейге (9,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015ж. 3-тоқсанында ЕО ІЖӨ-інің өсуі (28) 1,9%-ға тең болды. 2015ж. 4-тоқсанының қорытындылары бойынша алдыңғы жылдың тиісті кезеңіне қарағанда Қытайда - 6,8%, ал Ресейде ІЖӨ 3,7%-ға төмендеді.

Сыртқы сауда айналымы

2015ж. қаңтар-қараша

2015ж. қаңтар-қарашасында сыртқы сауда айналымы 36,8%-ға төмендеді (экспорт 42,4%-ға, импорт - 25,7%-ға төмендеді). 2015ж. қарашасында (2014ж. қарашасымен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 35,3%-ға төмендеді (экспорт 36,5%-ға, импорт 33,4%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-қарашасында-70,5%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,4%) басымдыққа ие.

2015 ж. қаңтар-қарашасында экспорт ЕЭО елдерімен 2014 ж. тиісті кезеңіне қарағанда 30,7%-ға қысқарды, импорт – 26,3%-ға төмендеді.



Экономикадағы ақша ұсынысы

Қазақстанның несие нарығына ықпал ететін сыртқы факторлардың түрлі сипаты бар. Қытай экономикасының баяулауы мен дамушы елдерден капиталдың кетуіне әкеліп соғатын шикізат тауарларындағы дағдарыс сыртқы факторларына жатады. Алайда, Үкіметтің шаралары Ұлттық қор активтерінен бөлінген ақшасы есебінен экономиканы қолдауға бағытталған. Шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіру үшін 100 млрд. теңге бөлінді, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға бағытталған.


Несиелер бойынша берешек*

2015ж. желтоқсанда несиелендірудің жалпы көлемі 2,5%-ға артып, 12,67 трлн. теңгені құрады.

2015ж. желтоқсанының аяғында алдыңғы жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 4,7%-ға ұлғайған. Жыл басынан бері, 2015ж. желтоқсанының аяғына қатысты, несиелендіру көлемдері, көрсетілген кезеңде, несиелендіру сәйкесінше 13,2%-ға төмендеген құрылыстан басқа, экономиканың барлық секторларында ұлғайды. Алайда, 2015ж. желтоқсанында жаңа несиелерді берудің көлемі 2014ж. желтоқсанымен салыстырғанда 32,0%-ға төмендеді. Несиелендіру көлемдерінің желтоқсандағы өткен аймен салыстырғанда 2,5%-ға өсуі, негізінде, теңгенің айырбастау бағамының төмендеуінен болған валюталық несиелердің қайта бағалауымен түсіндіріледі.

*-кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2015ж. қаңтар-желтоқсанында өнеркәсіп өндірісінің көлемдері 2014ж. тиісті кезеңіне 1,6%-ға азайды (2015ж. қаңтар-қарашасында 1,5%-ға азаю, 2014ж. қаңтар-желтоқсанында - 0,2%-ға ұлғаю). Төмендеуіне тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы себепші болды.




Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2015ж. қаңтар-желтоқсанында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері 2014ж. тиісті кезеңіне 2,5%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-қарашасында - 2,4%-ға төмендеу, 2014ж. қаңтар-желтоқсанында - 0,3%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 1,7%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-қарашасында - 1,6%-ға төмендеу), табиғи газ мен түсті металдар рудаларын өндіру сәйкесінше 6,9% бен 4,6%-ға ұлғайды, ал металл рудаларын өндіру 2,3%-ға төмендеді.




Өңдеу - өндіріс көлемдерінің өсу қарқындарының төмендеуі

2015ж. қаңтар-желтоқсанында сала бойынша ұлғаю 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,2%-ды құрды (2015ж. қаңтар-қараша үшін - 0,3%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металдар өндірісі 23,6%-ға өсті, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 14,4%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-желтоқсанында өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 36,9%-ды құрады).

2.2. Құрылыс

Өсу қарқындарының ұлғаюы

2015ж. қаңтар-желтоқсанында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,3%-ға өсті. Құрылыс жұмыстары құрамындағы 88,7% үлесін иемденетін құрылыс-монтаждау жұмыстарының көлемі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 8,7%-ға ұлғайды. Алайда, 2015ж. қаңтар-желтоқсанында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 23,7% бен 15,6%-ға төмендеді.






2.3. Ауылшаруашылығы

Мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсудің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2015ж. қаңтар-желтоқсанында 2014ж. тиісті кезеңіне қарағанда 4,4%-ға өсті (2015ж. қаңтар-қарашасында - 3,0%-ға өсу, 2014 ж. қаңтар-желтоқсанында 0,8%-ға өсу), бұның ішінде өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығындағы өнім көлемдері 2014ж. тиісті кезеңіне қарағанда сәйкесінше 5,6% бен 3,2%-ға ұлғайды.




Қызмет көрсету саласы

2.4. Сауда

Тауар айналымындағы өсудің баяулауы


2015ж. қаңтар-желтоқсанында бөлшек тауар айналымының көлемдері 2014ж. қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 0,4%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-қарашасында - 0,3%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-желтоқсанында - 12,1%-ға өсу). Төмендеудің негізгі себебі саудамен айналысатын кәсіпорындарының бөлшек сатудағы көлемдерінің 3,0%-ға төмендеуі болған (бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 52,5%).



2.5. Көлік

Жүк айналымы көлемінің азаюы


2015ж. қаңтар-желтоқсанында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-желтоқсанымен салыстырғанда 7,5% азайды, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 17,4%-ға азаю себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 43,4%).



2.6. Байланыс

Өсудің баяулауы

2015ж. қаңтар-желтоқсанында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ды құрады (2015ж. қаңтар-қарашасында - 1,2%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-желтоқсанында - 8,5%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3% болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 16,6%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 15,9% болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 35,3%-ға өсуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляцияның өсуі

2015ж. қаңтар-желтоқсанында инфляцияның деңгейі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 6,6%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар мен қызметтер топтарының бағаларының өсуі себепші болды. 2015ж. желтоқсанында инфляция жылдық есеппен алғанда 13,6%-ға дейін жеделдеді (2014ж. желтоқсанында - 7,4%), айлық өсу 1,2%-ды құрады. 2015ж. желтоқсанында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 1,2%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 1,1%-ға өсті.



4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-желтоқсанында инвестициялардың көлемі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,7%-ға өсті (2015ж. қаңтар-қарашасында - 3,9%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-желтоқсанында - 3,9%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 58,1%-ды құрады.




5. Еңбек нарығы

5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыспен қамтылғандардың саны төмендеді

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2015ж. желтоқсанында 2014 ж. желтоқсанымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандардың саны 1,8%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 3,2%-ға төмендеді. Жұмыссыздық деңгейі 5,0% деңгейінде қалды.



5.2. Халықтың кірістері

Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015ж. желтоқсанында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014ж. желтоқсанымен салыстырғанда 2,0%-ды құрады. Сонымен қатар, осы кезеңде нақты жалақы индексі 10,2%-ға төмендеуді көрсетті. Көрсеткіші бір айға кешігумен қалыптыстырылатын нақты ақшалай кіріс 2015ж. қарашасында 5,0%-ға төмендеуді көрсетті.

